

ҚҰҚЫҚТАР
ҮШІН
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL



НАРАЗЫЛЫҚ ҮШІН
ҰРЛАП ӘКЕТТІ,
ҰРЫП-СОҚТЫ ЖӘНЕ
ТҮРМЕГЕ ҚАМАДЫ

ДЖОАНА МАМОМБЕ, НЕТСАИ МАРОВА ЖӘНЕ СЕСИЛЛИЯ ЧИМБИРИ

📍 ЗИМБАБВЕ



«ҚҰҚЫҚТАР ҮШІН ЖАЗ»:

ӨМІРЛЕРДІ ӨЗГЕРТЕТІН

ХАТТАРДЫ 20 ЖЫЛ ЖАЗУ

Санаулы адамдар біріксе, нәтижелері таңқаларлық болуы мүмкін.

Жиырма жыл бұрын Польшада белсенділердің шағын тобы 24 сағат бойы хат жазу марафонын өткізді. Осы идея келесі жылдары да жалғасты. Бүгін “Құқықтар үшін жаз” науқаны әлемдегі адам құқықтары бойынша ең ірі шара болып табылады 2001 жылы 2326 хаттан бастап, 2021 ж. 4,7 миллион хат, твиттер, петицияларға қол қою мен басқа әрекеттерімен дүние жүзіндегі адамдар география шек қоймайтын ой төңірегінде бірігіп, сөз күшін қолданды. Осы тұлғалар бірлесіп, жылдар бойы 100-ден астам адамның өмірін өзгертуге, азаптаудан, қудалаудан, не әділсіз қамаудан босатуға көмектесті. Биылғы науқан өз қолдауын бейбіт белсенділігі, көзқарастары немесе жеке ерекшеліктері үшін қудаланған адамдарға бағыттады. Оған әйел құқықтарын қорғаушылар, трансгендерлердің құқықтарын қорғаушылар, суретшілер мен бейбіт наразылық білдірушілер жатады. Осы адамдарды әртүрлі

соққыға жықты, түрмеге жапты, атты, қудалап, қорқытты. Құқықтар үшін жаз науқаны арқылы олар бүкіл әлемнен мыңдаған адамдардың қолдау хабарларын алады. Олар да, олардың отбасылары да жағдайлары жұртшылықтың назарында және ұмытылмағандарын біледі. Ынтымақтастықта әрекет ету және бәрінің, оның ішінде ең кемсітілгендердің де, зорлық-зомбылықтан қорықпай наразылық шерулерге бірдей қатыса алуын қамтамасыз ету арқылы біз әділ және тең әлем құра аламыз.

Хат жазу әрекеттерімен қатар Amnesty сол адамдардың өмірлерін өзгертуге қол ұшын бере алатындармен, мысалы саясаткерлермен сөйлеседі. Сонымен бірге, Құқықтар үшін жаз науқаны қоғамдық шаралар арқылы осы әділетсіздіктерді көрсетіп, әлеуметтік желілерде халықаралық назарын аудартады. Өткен жылдары науқанға қатысқан адамдар мен топтар осы әрекеттердің ерекшелігін айтып, осындай көп адамдардың алаңдағаны оларға күш беретінін жеткізді.

Осы адамдар және топтар тап болған жағдайларға билік тарапынан көзқарастың оңды өзгеруі жиі кездеседі. Айыптаудан арылып, адамдар қамаудан босатылуы да мүмкін. Адамдарға адамгершілікпен қарап, әділетсіздікке қарсы жаңа заңдар не ережелер енгізіліп жатады.



© Amnesty International Nigeria

Нигериядағы Amnesty белсенділері 2021 жылғы Құқықтар үшін жаз науқанына қатысуда

Қорғап жүрген адамдарымыз туралы оқыңыз: <https://eurasia.amnesty.org/marafon-pisem/>

Өз еліңіздегі Amnesty бөлімшесімен байланысыңыз: www.amnesty.org/countries

@Amnesty қолдау туралы твит жазып, #W4R22 хэштегін пайдаланыңыз.

БАСТАР АЛДЫНДА

Адам құқықтары туралы білім алу әртүрлі жағдайда, мысалы, сыныптар, қауымдастық пен отбасылар, белсенді топтарда, онлайн немесе дәстүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Ұйымдастырушы ретінде нақты топтың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекеттеріңізді бейімдей аласыз. Мысалы, талқыланып жатқан мәселе бойынша алдын-ала не билетінін сұрап, топтағы қатысушылардың санын анықтап және белсенді қатысуға мүмкіндік беру үшін сабақты қалай ұйымдастыру керек екенін,

сабақ өтетін бөлме мен басқа да жағдайды белгілеуіңіз мүмкін. Қатысушылар іс бойынша қолдау шарасын бастар алдында, ортаның олар үшін қауіпсіз болуын талқылаңыз.

Сабақтардың бәрі белсенді қатыстыру әдісіне негізделеді. Ол дегеніміз оқушыларға ақпарат ұсынылып қана қоймай, олар іске байланысты мәселелерді зерттейді, талқылайды, талдайды және сұрақ қояды. Бұл әдістеме кең білім беру мақсаттары үшін өте маңызды, себебі қатысушылар:

- маңызды дағдыларды **дамытады**
- өз пікірін **қалыптастыру**, сұрақ қою және зерттелетін мәселелерді тереңірек түсінуге мүмкіндік алады
- өз оқу үдерісін **басқарып**, мүдделері, қабілеті мен көзқарастарына сәйкес талқылау ұйымдастырады
- ықыласпен қатысып, өз көзқарасын қалыптастыруға маңызды ортада болуға мүмкіндік береді

Белсенді қатыстыру оқыту әдістемесімен таныс болмасаңыз, бастар алдында Amnesty International Көмекші оқулығымен танысыңыз, оны мына сілтеме бойынша таба аласыз: www.amnesty.org/en/documents/ACT35/020/2011/en/ (ағылшын тілінде)

Amnesty International өз Академиясында адам құқықтарының әртүрлі мәселелері бойынша басқа да оқу курстары, "Адам құқықтарына кіріспе" курсына ұсынады: <https://academy.amnesty.org/learn/course/external/view/elearning/120/vvedenie-v-prava-celoveka> (орыс тілінде)

СІЗДІҢ СӨЗІҢІЗДІҢ КҮШІ БАР

ОТБАСЫМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШТЫ

2021 жылғы 30 маусымда құқық қорғаушы Жермен Рукуки Бурундиде төрт жылдан астам түрмеде отырғаннан кейін босатылды. Ол адам құқықтарын қорғағаны үшін ғана қамауға алынып, сотталды.


2020 ж. Құқықтар үшін жаз науқаны кезінде Жерменнің бостандығын талап етуші дүние жүзіндегі қолдаушылар 436 000-нан астам акцияларды жүзеге асырды. Бостандыққа шыққаннан кейін елден кете алмаған Жермен, 2022 жылдың ақпанында ғана Бельгиядағы отбасымен қайта қауышты. Ол: «Құқықтар үшін жаз шынымен де жақсы әсер етеді. [Осы] қолдау мені, Жермен Рукукиді, түрмеден шыққаннан кейін адам құқықтарын қорғауға одан әрі ұмтылуға ынталандырды»



© Жеке мұражайынан

ӨЛІМ ЖАЗАСЫНАН БОСАТЫЛДЫ

Оңтүстік Судандық Магаи Матиоп Нгонг 2017 жылы 14 қарашада кісі өлтіргені үшін өлім жазасына кесілген кезде мектеп оқушысы болған. Магаи судьяға өлімнің оқыс оқиға екенін және ол кезде небәрі 15 жаста екенін айтты. Дегенмен, Магаиді адвокатсыз адам өлтіргені үшін соттады. 2019 жылғы Құқықтар үшін жаз науқаны кезінде Магаиды қолдап 700 000-нан астам әрекет жасалды. 2022 жылғы наурыз айында Жоғарғы сот сол кезде оның бала болғандығын ескере отырып босату керек деген келісімін берді. Магаи енді елден аман-есен кетіп, өзі сияқты адамдарға көмектесуге бұрынғыдан да бел бұған.



ҚҰҚЫҚҚОРҒАУШЫ БОСТАНДЫҚҚА ШЫҚТЫ

Бернардо Каал Ксол, мұғалім және әке, Гватемаланың солтүстігіндегі Кахабон өзеніндегі гидроэлектр жобалардан зардап шеккен қауымдастықтарды қорғау үшін тынымсыз жұмыс істеді. Адам құқықтарын қорғауға кедергі жасау үшін, оны 2018 жылғы қарашада жеті жылдан астам бас бостандығынан айырды. 2021 ж. Құқықтар үшін жаз науқаны барысында Бернардо үшін жарты миллионнан астам әрекет жасалды және 2022 жылғы наурызда ол босатылды.



© Simone Dalmaso



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Адам құқықтары әрбірімізге тән негізгі бостандықтар мен қорғау құралдары. Олар жасына, азаматтығына, жынысына, нәсіліне, дініне немесе жеке өміріне қарамастан, қадір-қасиет, теңдік және өзара құрмет қағидаларына негізделген. Құқықтарыңыз өзіңізге де, өзгелерге де әділ қарау және өз өміріне қатысты шешім қабылдау мүмкіндігіне ие болуға негізделеді. Осы негізгі адам құқықтары жалпыға ортақ болып табылады, яғни әрбірімізге де, осы әлемдегі әрқайсымызға тән. Құқықтарды бізден тартып алуға болмайды. Олар бөлінбейді және өзара тәуелді болып табылады, бәрі бірдей маңызды және өзара байланысты.

Екінші Дүниежүзілік соғыста жасалған жан түршігерлік қылмыстардан кейін Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясынан бастап алғанда, адам құқықтары бойынша халықаралық құжаттар дүние жүзінде адамдардың өмірін жақсартуға арналған ұлттық, аймақтық және халықаралық заң құжаттарының берік негізі қаланды. Адам құқықтарын үкіметтер үшін заңдар ретінде қарастыруға болады. Олар үкіметтер мен лауазымды тұлғаларға өз юрисдикциясындағы және одан тыс адамдардың құқықтарын сақтау, қорғау және қамтамасыз ету міндетін артады.

Адам құқықтары сән-салтанатқа қана арналған әшекей бұйымдары емес.



Швейцариядағы Amnesty белсенділері 2021 жылғы Құқықтар үшін жаз науқанына қатысуда

© Amnesty International Switzerland



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (АҚЖОД)







АҚЖОД Екінші дүниежүзілік соғыстан бірнеше жыл өткен соң Біріккен Ұлттар Ұйымымен дайындалды. 1948 жылдан бастап ол адам құқықтары жөніндегі халықаралық жүйенің негізін қалады. Әлемнің барлық елдері осы құжаттың 30-бабында көрсетілген жалпы қағидаларды сақтау міндетімен келісті.

Атында белгілендей, АҚЖОД декларация болып табылады. Бұл әлемдегі кез-келген үкіметтің жеке адамдарға қатысты белгілі бір стандарттарды ұстанатындығы туралы мәлімдемесі. Адам құқығы халықаралық құқықтың бір бөлігіне айналды. АҚЖОД қабылданғаннан бастап оның қағидалары негізінде көптеген басқа міндетті заңдар мен келісімдер қабылданды. Дәл осы заңдар мен келісімдер Amnesty International сияқты ұйымдарға біздің «Хаттар марафонында» көрсетілген мемлекеттің көзқарасын өзгертуге үндеу жасау негізін береді.

© UN Photo



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

 <p>АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАР Өмір сүру құқығы, азаптау мен құлдықтан еркін болу құқығы, кемсітілмеу құқығы.</p>	<p>1-бап Қадір-қасиет пен құқықтардағы еркіндік және теңдік 2-бап Кемсітуден еркін болу 3-бап Өмір сүру, бостандық пен жеке қауіпсіздік құқығы 4-бап Құлдықтан еркін болу 5-бап Азаптаудан еркін болу</p>
 <p>ЗАҢГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТАР Кінәсіздік презумпциясына ие болу құқығы, әділсот құқығы, заңсыз қамалмау не ұсталмау құқығы.</p>	<p>6-бап Бәрі де заңмен қорғалады 7-бап Заң алдында бәрі тең 8-бап Құқықтар бұзылғанда құқықтық қорғау 9-бап Заңсыз қамау, ұстау не елден кетіруге тыйым салу 10-бап Әділсот құқығы 11-бап Кінәсіздік презумпциясы 14-бап Басқа елден пана және қорғау іздеу құқығы</p>
 <p>ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАР Оқу, отбасы құру және отбасылық өмір сүру, демалу, медициналық қызмет алу құқығы.</p>	<p>12-бап Жеке және отбасы өміріне ие болу құқығы 13-бап Тұратын жерін тағдау және өз мемлекеті аумағында еркін жүру құқығы 16-бап Некеге тұру және отбасы құру құқығы 24-бап Демалу құқығы 26-бап Білім алу, оның ішінде ақысыз бастауыш білім алу</p>
 <p>ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР Мүлікке ие болу, еңбек ету, баспана, тиімді өмір деңгейіне ие болу құқығы.</p>	<p>15-бап Азаматтыққа ие болу құқығы 17-бап Мүлікке ие болу құқығы 22-бап Әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы 23-бап Еңбек, әділ еңбекақы және кәсіподаққа мүше болу құқығы 25-бап Денсаулық сақтау мен жақсылықта өмір сүру құқығы</p>
 <p>САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР Өз елінде мемлекеттік қызметте істеу, сайлауға қатысу, бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқығы, пікір білдіру, дінге сену және наным-сенім бостандығы.</p>	<p>18-бап Дінге сену және наным-сенім бостандығы 19-бап Пікір білдіру және ақпарат тарату құқығы 20-бап Бірлесу және бейбіт жиналу бостандығы 21-бап Саясатқа қатысу және мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу</p>
 <p>МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАР, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ Қоғамның мәдени өміріне қатысу құқығы.</p>	<p>27-бап Қоғамның мәдени өміріне қатысу 28-бап Барлық құқықтар толығымен жүзеге асырылатын дүние жүзілік тәртіпке ие болу құқығы. 29-бап Басқалардың құқықтарын сақтау және қадірлеу міндеті 30-бап Ешкім Сіздің құқықтарыңызды тартып ала алмайды!</p>



ӘРЕКЕТ

НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУШІЛЕРДІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

- сөз бостандығы және бейбіт жиналыс бостандығы
- белсенділер
- мәжбүрлеп жоғалту
- жыныстық зорлық-зомбылық, қорқыту және қудалау
- негізсіз қамауға алу және тұтқында ұстау

ОСЫ ӘРЕКЕТ ТУРАЛЫ

Қатысушылар бейбіт наразылық акцияларын өткізуге мүмкіндік беретін адамның негізгі құқығы ретінде жиналу бостандығына ие болу құқығы туралы және осы құқықты қорғаудағы үкімет пен құқық қорғау органдарының рөлі туралы үш әйелдің әңгімесінен үйренеді. Джоана, Сесиллия және Нетсаи шабуылға ұшырап, түрмеге жабылды және қазір өздерін ұрлады деп “жалған” айтқандары үшін сотталуда. Қатысушылар Джоана, Сесиллия және Нетсаи үшін әділдік талап етуге хат жазады.

ОҚИТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қатысушылар

- бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқығының түсінігі, оның наразылық білдіруге және басқа да құқықтармен байланысын біледі;
- үкіметтер мен құқық қорғау органдары осы құқықтарды қорғауы тиіс екенін түсінеді;
- Джоана, Сесиллия және Нетсаидың оқиғасындай бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқығы бұзылған адамдарға жанашырлық танытады;
- Amnesty International-дың Құқықтар үшін жаз науқаны туралы біледі;
- Джоана, Сесиллия және Нетсаиға қолдау және ынтымақтастық хаттарын жазады.

ЖАС МӨЛШЕРІ: 15+

КЕРЕКТІ УАҚЫТ

60 минут. **Әрекет жаса** бөліміне қосымша уақыт керек болуы мүмкін.

КЕРЕКТІ МАТЕРИАЛДАР

- **Материалдар:** Джоана, Сесиллия және Нетсаи оқиғасы (11-бет)
- Наразылық, қылмыстық қудалау және заңсыз қамау туралы негізгі ақпарат (9-10-бет)
- **Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясы (АҚЖОД),** қысқаша түрі (5-бет)
- Қағаз, қаламсаптап мен конверттер (хаттарды жіберетін болсаңыз)
- Қосымша: хаттар үлгілері www.amnesty.org/writeforrights/ (ағылшын тілінде)
- Қосымша: Джоана, Сесиллия және Нетсаи туралы бейне ролик: www.amnesty.org/w4r-videos (ағылшын тілінде)

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

- Әр қатысушыға тарату материалдарын және АҚЖОД басып шығарыңыз.
- Негізгі ақпаратты (9-10-беттер) оқыңыз.

КӨБІРЕК АҚПАРАТ

- Құқықтар үшін жаз қысқаша курсына сілтемеден өтіңіз: <https://academy.amnesty.org/learn/course/external/view/elearning/151/marafon-pisem> (орыс тілінде)
- Наразылық білдіру құқығы қысқаша курсымызды мына сілтемеден өтіңіз: <https://academy.amnesty.org/learn/course/external/view/elearning/224/pravo-na-vyrazenie-protesta> (орыс тілінде)
- Наразылық білдіру құқығына арналған Amnesty ақпаратын оқыңыз www.amnesty.org/en/documents/ACT30/5856/2022/en/ (ағылшын тілінде).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қатысушыларға бұл әрекетте жыныстық зорлық-зомбылық пен азаптаудың ерекше түрлеріне сілтемелер бар болғандықтан, алаңдаушылық пен ыңғайсыздық тудыруы мүмкін екенін айтыңыз. Сабақ барысында олардың жағдайын бақылаңыз. Бірде біреу тақырыпқа байланысты бас тартқысы келсе, қолдау табатындығын түсіндіріңіз.
- «Наразылық» сөзін қолдану дау тудыруы және қатысушыларға қауіп төндіруі мүмкін жағдайларда, оны бейбіт жиналу және пікір білдіру бостандығына ие болу құқығы сияқты басқа сөздерге ауыстыруға болады.

1. ӨЗГЕРІС ҮШІН ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ КӨШБАСШЫЛАРЫ: СЕСИЛЛИЯ, ДЖОАНА ЖӘНЕ НЕТСАИ ОҚИҒАСЫ

**20 МИНУТ**

Сесиллия, Джоана және Нетсаидың оқиғасын айта бастағанда, дұрыс көңіл-күйді болуды ұмытпаңыз. Сондай көңіл-күйді жанға жайлы музыканы қою және қатысушылардан көздерін жұмып, өмірлерінде көшбасшылық танытқан және басқалармен немесе басқалар үшін оң өзгерістер жасаған сәттері туралы ойлауды сұрау арқылы жасауға болады. Оларды өз сезімдерін еске түсіруге шақырыңыз. Олар басқа адамдарға көмектесті ме? Бастама көтеріп, жағдайды жақсы жаққа өзгертті ме? Бірнеше минуттан кейін қатысушылардан көздерін ашып, бүкіл топпен немесе құрбыларымен өз ойларын бөлісуге уақыт беруін сұраңыз.

Оларға Зимбабведегі өзгерістер қозғалысын басқаратын үш мықты әйелдің оқиғасын білетінімізді айтыңыз. Бұл оқиғада әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық туралы мәліметтер бар болғандықтан, кері әсер етуі мүмкін екенін топқа ескертіңіз және қажет болса, бөлмеден шығуға рұқсат етіңіз. Келесі үзіндіні дауыстап оқыңыз:

Джоана, Нетсаи және Сесиллия ортақ нәрселері көп үш әйел: олар үстел ойындарын ойнауды, Netflix көруді және саясатқа араласуды жақсы көреді. Олар демократия үшін күресетін Зимбабвенің негізгі оппозициялық партиясының мүшелері болып табылатын, демократияны жақтайтын белсенділер. Өкінішке орай, олар қорқынышты жағдайды бірге төтеп беруге мәжбүр болды және енді өздерін қорлаған шабуыл туралы естеліктері де ортақ.

2020 жылғы 13 мамырда Джоана, Нетсаи және Сесиллия Зимбабве астанасы Харраредағы полиция бекетінде коронавирус пандемиясы және елдегі кең таралған ашаршылық кезінде үкіметтің іс-әрекеттеріне қарсы наразылық акциясын өткізгені үшін қамауға алынды. Ұсталғаннан кейін оларды белгісі жоқ көлікке күштеп отырғызып, мәжбүрлі жоғалтуға ұшыратты. Бастарына қап кигізіп, қаладан алып кетті. Қорыққан әйелдерді шұңқырға тастап, өлімшідей ұрып-соғып, жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыратып, адам нәжисін жеуге мәжбүрлеген. Олар екі күннен кейін Харареден 87 шақырым жерде табылды. Жыртылған киіммен, денелерінде көп жарақаттар мен көгерген жерлері бар түрінде ауруханаға жеткізілді.

Қатысушылардан оқиғаны естігенде, қандай сезімде болғанын сұраңыз.
Төмендегі сұрақтарды қою арқылы әңгімені талқылаңыз:

- Қалай ойлайсыз, полиция неліктен Сесиллия, Джоана және Нетсаиді ұстап әкетуге шешім қабылдады? Сіздің ойыңызша, олар қандай да бір ерекше себептермен ұсталды ма?
- Қалай ойлайсыз, оларға әйел болғандықтан басқаша қарады ма? Белсенділер немесе наразылық білдірушілер қандай қауіптерге тап болуы мүмкін?

2. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ САҚТАУ МІНДЕТІ



25 МИНУТ

Бұл оқиға бойынша басқа да мәліметтер бар екенін айтыңыз. Төмендегілерді дауыстап оқыңыз:

Ауруханада Сесиллия, Джоана және Нетсаи наразылық акциясына қатысты ауыр қылмыс жасады деп айыпталды. Түрме күзетшілері мен полиция қызметкерлері олардың журналистермен кездесуіне жол бермеу үшін ауруханада кезекшілік етті. Шабуыл жасаушылардың кейбірін танығандарын айтқаннан кейін, әйелдерді 2020 жылғы 10 маусымда қайта қамауға алынды және өздерін ұрлап алғаны туралы жалған ақпарат берді деп айыптады. Олар 2020 жылғы 26 маусымда кепілмен босатылды. Сесиллия, Джоана және Нетсаидің соты 2022 жылғы қаңтарда басталып, осыны жазған кезде жалғасып жатты. Осы уақытқа дейін олардың күштеп жоғалуы немесе азаптау оқиғасы бойынша тергеу жүргізілген жоқ және ешкім жауапқа тартылған жоқ.

Әйелдер оқиғасын (11-бет), **негізгі ақпаратты** (9-10 беттер) және **Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясының (АҚЖОД)** қысқаша мазмұнының (5-бет) көшірмелерін таратып беріңіз.

Қатысушыларды шағын топтарға бөліп, материалдарды оқуға 10 минуттай уақыт беріңіз. Олардан келесі сұрақтар арқылы оқиғаны талқылауды сұраңыз:

- Негізгі ақпаратты оқып, ондағы мәліметтің қайсысы осы оқиғаға қатысты екенін айтыңыз?
- Сесиллия, Нетсаи және Джоананың қандай құқықтары бұзылуы мүмкін деп ойлайсыз?
- Сесиллия, Нетсаи және Джоанаға жасағандары басқа наразылық білдірушілерге қандай белгі береді деп ойлайсыз?
- Білік пен құқық қорғау органдарының өкілдері не істеуі керек, нені істемеу тиіс?

Содан кейін қатысушыларды бір топқа жинап, келесі сұрақтарды бірге талқылаңыз:

- Осы оқиғаны білгеннен кейін қандай сезімдесіз?
- Сіздің ойыңызша, бұл үш әйелге әрі қарай жалғастыруға күш пен батылдықты не береді?
- Оларды қалай қолдай аласыз?

Қатысушылар АҚЖОД туралы бірінші рет біліп жатса, 4-беттегі ақпаратты пайдалану арқылы оның нені білдіретінін түсіндіруден бастауыңыз керек.



15 МИНУТ

Қатысушыларға осы сілтеме бойынша Джоана, Сесиллия және Нетсаи бейне оқиғасын көрсетіңіз: www.amnesty.org/w4r-videos (ағылшын тілінде).

3. ӘДІЛСОТТЫ ТАЛАП ЕТІҢІЗ

Amnesty-дің Құқықтар үшін жаз науқаны не екенін түсіндіріңіз. Amnesty адамдарды Джоана, Сесиллия және Нетсаи үшін әділдік талап етуге шақыратынын түсіндіріңіз.

Сонымен бірге, 2021 жылы өткен “Хаттар марафоны” Қазақстандағы блогер Темірлан Еңсебектің ісі бойынша сәтті мысалын келтіре аласыз <https://eurasia.amnesty.org/2022/09/15/delo-protiv-kazahstanskogo-blogera-temirlana-ensebeka-prekrashheno-on-by-l-geroem-marafona-pisem-2021-goda/> (орыс тілінде)

Қатысушылардың ынтымақтастық акцияларға бірден қатысуға уақыты болмаса, мұны қалай жасау керектігін кейінірек шеше алады немесе кімнің қандай акцияларға қатысатынын өзара шеше алады. Креативті болуын сұраңыз.

ХАТ ЖАЗЫҢЫЗ

Қатысушыларға Зимбабве билігіне оң жақтағы мекен-жай бойынша хат жазуды ұсыныңыз.

Шенеуніктерге жеке хабарлама ең көп әсер ететінін түсіндіріңіз. Қатысушыларға хат жазуға көмектесу үшін келесі нұсқауларды бере аласыз:

- Хатты жеке атыңыздан жазғаныңызды көрсету үшін өзіңіз туралы бірдеме жазыңыз.
- Джоана Мамомбе, Сесиллия Чимбири және Нетсаи Марова ісінде Сізді күйзеліске ұшыратқан жағын айтып жазыңыз.
- Үкіметтердің наразылық білдіру құқығын құрметтеп, құрметтейтінін неліктен маңызды деп ойлайтыныңызды айтыңыз.
- Джоана, Нетсаи және Сесиллияға тағылған барлық айыптарды дереу және шартсыз алып тастауды және наразылық білдіру құқығын бейбіт түрде жүзеге асырғаны үшін қудалауды дереу тоқтату керектігін айт

President of the Republic of Zimbabwe
Office of the President
Munhumutapa Building
Corner Sam Nujoma and Samora Machel
Avenue
P. Bag 7700
Causeway
Harare
Zimbabwe

Email: info@opc.gov.zw
Twitter: [@edmnangagwa](https://twitter.com/edmnangagwa)
Facebook: [Emmerson Dambudzo Mnangagwa](https://www.facebook.com/EmmersonDambudzoMnangagwa)
Сәлемдесу: Жоғары Мәртебелі

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БІЛДІРІҢІЗ

Сесиллия, Джоана және Нетсаиға сенетініңізді көрсетіңіз. Оларға тілектестік пен үміт хабарламасын жіберіңіз. Хабарламаға қоса көбелектер мен гүлдердің суреттерін салып, оны суретке түсіріңіз де оларды белгілей отырып әлеуметтік желіге жариялаңыз. Содан кейін хабарламаны төмендегі мекен-жайға жіберіңіз. Оларға Твиттерде жазылуды ұмытпаңыз!

Сесиллия: [@ceechimbiri2](https://twitter.com/ceechimbiri2)
Джоана: [@JoanaMamombe](https://twitter.com/JoanaMamombe)
Нетсаи: [@MarovaNetsai](https://twitter.com/MarovaNetsai)

Сесиллия, Джоана және Нетсаи ағылшынша және шона тілдерінде сөйлейді. Хабарламаңызда пайдалануға болатын бірнеше сөйлемдер:

Зимбабве үкіметі тарапынан қудаланып жатқан осынау қиын кезеңде біз сіздермен біргеміз. Сіз жеңесіз!

Ағылшынша: **We stand with you during this time of persecution by the Government of Zimbabwe. You will overcome.**

Шона тілінде: **Joanah, Netsai and Cecillia, tinomira nemi panguva ino mukushungurudzwa kwamurikuitwa nehurumunde yeZimbabwe. Muchakunda.**

Джоана, Сесиллия және Нетсаи, Сіздер – мықты әйелсіздер, Сіз басқаларға үлгісіз. Мойымаңыз!

Ағылшынша: **Joanah, Cecillia and Netsai, you are strong women and an inspiration to many. Don't give up!**

Ешқашан берілмеңіз. #Сесиллия, Джоана және Нетсаи үшін әділсот.

Ағылшынша: **Never give up. #Justice for Cecillia, Joanah and Netsai**

Сесиллия мен Джоана мекен-жайы
c/o Lucia Masuka
Executive Director
Amnesty International Zimbabwe
54 Midlothian Avenue
Eastlea
Harare
Zimbabwe

Нетсаи мекен-жайы:
Amnesty Norge
v/ Richard/SFL
PO Box 702 Sentrum N-0106
Oslo
Norway



НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУ ҚҰҚЫҒЫ

Бейбіт наразылық – біздің адам құқықтарымызды жүзеге асырудың белсенді және жария тәсілі. Адамзат тарихында наразылық акциялары ұжыммен, креативті және мойынсұнудан бас тарту арқылы жеке адамдар мен топтардың қарама-қайшылықтарын, пікірлері мен идеяларын білдіруге, әділетсіздік пен қиянатты әшкерелеуге және билік басындағылардың жауапкершілікке тартылуын талап етуге мүмкіндік берді. Дегенмен, билік басындағылар наразылық білдірушілерді қауіп ретінде қарастыруы мүмкін, әсіресе айтылған идеялар немесе пікірлер жағдай мен билік құрылымдарына қарсы шыққан жағдайда. Күрделі мәселелерді шешудің және әділетсіздікті, қиянат пен кемсітушілікті жою жолдарын табу үшін диалогты жеңілдетудің орнына мемлекеттер бейбіт наразылық білдірушілерге қарсы жала жабумен және қуғын-сүргінмен жиі жауап береді.

Шерушілердің барлығы бірдей кедергілерге тап бола бермейді. Әйелдер, ЛГБТИ адамдар және гендерлік өзгеше адамдар наразылық акцияларына қатысу кезінде және жалпы қоғамдық кеңістікте ерекше қиындықтарға тап болады, өйткені қалыптасқан патриархалдық пен гетеронормативтік үстемдігін сақтау үшін олардың құқықтары зорлық-зомбылықтың, маргинализацияның, әлеуметтік нормалардың және кейде тіпті заңдардың әртүрлі түрлерін қолданатын қоғаммен шектеледі.

НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУШІЛЕРДІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ

Көбінесе бейбіт наразылықтарда кедергінің кейбір элементтері бар, ол қозғалысты баяулату немесе бөгеу, шу шығару немесе тіпті жеке кеңістікке басып кіру сияқты. Назарылық акциялары тәртіпсіз, ретсіз немесе деструктивті болып көрінсе де, олар бейбіт болғанша жалғасуына рұқсат беру керек. Дегенмен, құқық қорғаушылар бейбіт жиындарды өткізу кезінде ұйымдастырушы ретінде де, қатысушылар ретінде де жоғары қауіпке ұшырайды. Полицейлердің демонстрациялардағы тактикасы бейбіт жиналу құқығын қауіпсіз және еркін жүзеге асыруға негізгі қауіп болып қала береді, көптеген үкіметтер демонстранттарға қарсы күш, қорқыту және негізсіз қамауға алуды қолданады.

Бейбіт наразылық білдірушілерді қылмыскерлер және тәртіпсіздер деп атаған кезде немесе оларға қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін айып тағылғанда және сотқа, мысалы, ірі шығын үшін немесе лаңкестік немесе бүлік сияқты өте ауыр қылмыстар үшін айыпталғанда, бұл жеке адамдардың үнін өшіріп қана қоймайды; ол сондай-ақ наразылық білдірушілердің нақты топтары мен олардың себептерін заңсыз етеді. Назарылық білдірушілерді стигматизациялау және қылмыстық жауапкершілікке тарту процесі олардың өздерін және басқалардың солардың әрекеттеріне қосылуын немесе олардың үндеулеріне жанашырлық танытуын тоқтату әрекеті болып табылады. Үкіметтер бейбіт наразылық білдірушілерді қамауға алу, тұтқындау және қудалау арқылы оларға «үлгі көрсету» үшін қолданатын тактика болып табылады. Осылайша сынның үнін өшіріп, халықтың кеңірек бөлігінде үрей тудыру үшін оларды әрі қарай наразылықтарға немесе тікелей әрекеттерге қосылудан алшақтатады.



Джоана Мамомбе, Нетсаи Марова және Сесиллия Чимбири



НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУ ҚҰҚЫҒЫ

НАРАЗЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ПОЛИЦИЯНЫҢ ӘРЕКЕТІ, НЕГІЗСІЗ ТҮТҚЫНДАУ ЖӘНЕ ҰСТАУ

Құқық қорғау органдарына адам құқықтарын қорғау және қолдау бойынша әртүрлі міндеттер жүктелген. Мысалы, полиция келесі негізгі функцияларды орындайды:

- адамдардың заңға бағынуын қамтамасыз етеді (құқық қолдану);
- адамдарды қорғап, қоғамдық тәртіпті сақтау;
- қылмыстарды тергеп, қамауға алу.

Әркімнің еркіндікке құқығы бар. Бостандыққа ие болу құқығы адамдарды ұстауға немесе түрмеге жабуға болмайды дегенді білдірмейді, бірақ бұл біреуді түрмеге жабу үшін өте күрделі себептер болуы керек және белгілі бір талаптардың орындалуы керек дегенді білдіреді. Қамаудағы адамдарды қорлаудан қорғауға арналған арнайы құқықтар мен ережелер бар. Осы құқықтар мен кепілдіктердің кейбіріне мыналар жатады:

- Қамау немесе қамауға алу заңға сәйкес болуы керек.
- Қамауға алу заңсыз болмауы керек. Мысалы, егер тиісті процесс немесе заңды негіз болмаса, немесе заң бұлыңғыр, тым кең әлде басқа адам құқықтарына, мысалы, сөз бостандығы, пікір білдіру, бейбіт жиналу не дінге сену бостандығына ие болу құқығына қайшы келсе, қамауға алу немесе ұстау заңсыз болып табылады.
- Ұсталған адамға оның не үшін ұсталғаны және қандай қылмысы үшін айыпталғаны дереу айтылуы керек.

Егер бұл рәсімдердің біреуі сақталмаса, онда бостандық құқығы бұзылады.

Сонымен қатар, қамауға алынған адам мынадай құқықтарға ие:

- ұсталған кезден бастап адвокатқа жүгінуге;
- туған-туысқандарына не болғанын хабарлауға;
- қандай мемлекеттік орган қамауда ұстайтынын және оның ұсталуы дереу тіркелуі тиіс екенін білуге;
- сотқа ұстау заңдылығына шағымдануға.

Джоана, Нетсаи және Сесиллия сотта





ТАРАТУ МАТЕРИАЛЫ

ДЖОАНА, СЕСИЛЛИЯ ЖӘНЕ НЕТСАИ ОҚИҒАСЫ

Джоана, Нетсаи және Сесиллия - ұқсастықтары көп үш әйел: олар үстел ойындарын ойнап, Netflix қарағанды және саясатты жақсы көреді. Өкінішке қарай, олардың қорқынышты шабуылға қатысты естеліктері де ұқсас.

2020 жылғы 13 мамырда үкіметке қарсы наразылық шеруін жүргізгеннен кейін Джоана, Нетсаи және Сесиллия Харареде заңсыз қамауға алынып, полиция бөлімшесіне жеткізілді және белгісі жоқ көлікке күштеп отырғызылды. Бастарына капюшон кигізіп, қаланың сыртына апарды. Өмірлері үшін қорыққан әйелдерді шұңқырға тастап, ұрып-соғып, жыныстық зорлық-зомбылық жасап, адам нәжісін жеуге мәжбүрлеген. Олар екі күннен кейін Харареден бірнеше шақырым жерден табылды. Киімдері жыртылған, көптеген кесілген, көгерген жарасы бар күйде ауруханаға жеткізілді.

Ауруханадан шықпай тұрып, оларға наразылық акциясына қатысқандары үшін қылмыстық айып тағылды. Түрме күзетшілері мен полиция қызметкерлері олардың журналистермен сөйлесуіне жол бермеу үшін ауруханада болды. Кейбір шабуылдаушыларды танығанын айтқаннан кейін, әйелдер 2020 жылғы 10 маусымда қайта қамауға алынып, жалған мәлімдеме жасады деп айыпталды. Олар 2020 жылғы 26 маусымға дейін қамауда болып, кейін кепілдікпен бостандыққа шықты.

Джоана, Нетсаи және Сесиллияның соты 2022 жылғы қаңтарында басталып, әлі жалғасуда. Осы күнге дейін олардың жан түршігерлік жарақаты үшін ешкім жауапқа тартылған жоқ.

«Жастар ешқашан қорқынышқа берілмеуі керек. Біз ең көп қорқатын нәрселерге қарсы тұрып, берілмеуіміз керек».

Джоана Мамомбе



© Tsvangirayi Mukwazhi/Amnesty International



© Жене мұражайынан



© Tsvangirayi Mukwazhi/Amnesty International

Жоғарыдан төменге:
Джоана, Нетсаи және
Сесиллия 2022 жылы.

AMNESTY INTERNATIONAL

ТУРАЛЫ

Amnesty International әділетсіздікке қарсы 10 миллионнан астам адамдардың ғаламдық қозғалысы. Біз адам құқығы баршаға ортақ болатын әлем үшін науқан жүргіземіз.

Біз кез келген жерде болған адам құқықтары бұзушылықтарын зерттеп, осы туралы фактілерді жария етеміз. Біз үкіметтер мен басқа да ықпалды топтарды, мысалы, ірі компанияларды өз уәделерінде тұруға және халықаралық құқықты сақтауға шақырамыз. Біз көмектескен адамдардың оқиғаларын айту арқылы дүние жүзіндегі миллиондаған жақтастарымызды өзгеріс жасауға және алдыңғы қатардағы белсенділерді қорғауға жігерлендіреміз. Оқыту және жетілдіру бағдарламалары көмегімен адамдарды өз құқықтарын қорғауды қолдаймыз.

Біздің жұмысымыз өлім жазасын жоюдан жыныстық репродуктивті құқықтарды ілгері жылжыту, кемсітумен күресуден босқындар мен мигранттар құқықтарына дейін қорғап, адамдарға шабыт береді. Біз азаптауға жол беретіндерді жауапқа тартуға, репрессивті заңдарды өзгертуге және өз пікірін білдіргені үшін ғана түрмеге түскен адамдарды қорғауға көмектесеміз. Біз еркіндігі мен қадір-қасиетіне қауіп төнген әрбір адам үшін үн қосамыз.

AMNESTY INTERNATIONAL ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ХАТШЫЛЫҚ

Peter Benenson House
Истон көшесі, 1
Лондон WC1X 0DW
Біріккен Патшалық

Индекс: POL 32/5902/2022
Қазақша, 2022 ж. қыркүйек
Тел.: +44 (0)20 7413 5500
Факс: +44 (0)20 7956 1157
емейл: contactus@amnesty.org
www.amnesty.org

Басқаша көрсетілмесе,
барлық суреттер
© Amnesty International тиесілі.
Мұқабдағы сурет:
© Tsvangirayi Mukwazhi/Amnesty
International, © Жеке мұражайынан,
© Itaisibanda/CC

ҚҰҚЫҚТАР
ҮШІН
ЖАЗ

AMNESTY
INTERNATIONAL 